


## Комитеттің «Талдау» ақпараттық – талдамалық жүйесі

Халықтың статистикалық ақпаратқа қажеттілігін қанағаттандыру үшін Комитет деректерді «Талдау» АТЖ-да жариялайды.

Жүйе халыққа, мемлекеттік органдарға, кәсіпорындарға және ұйымдарға қолайлы интерактивті режимде статистикалық көрсеткіштер бойынша барлық өзекті статистикалық ақпаратты ұсыну мақсатында іске асырылған.

[taldau.stat.gov.kz](http://taldau.stat.gov.kz)



## «Талдау» АТЖ-ның мүмкіндіктері мен артықшылықтары:

- деректерді түрлі кестелік, графикалық және картографиялық түрде және бөліністерде ұсыну;
- деректерді белгіленген шарттар бойынша визуализациялау;
- деректерге статистикалық талдау жүргізу үшін құралдарды ұсыну (өңірлер мен сыныптау бөлінісінде деректерді салыстыру, серпінділік қатарын құру мен корреляциялық талдау);
- таңдап алынған деректерді немесе талдау нәтижелерін деректердің қолжетімді жалпыға ортақ қабылданған (excel, pdf форматта) шығарып алу;
- кілт сөз және жіктелім элементінің атауы бойынша іздеу.

## «Талдау» АТЖ мына модульдерді қамтиды:

**«Жеке кабинет»** – әр пайдаланушының өзінің «Жеке кабинетін» ашу мүмкіндігі бар, оның көмегімен ол өзінің кестелерін, графиктерін, диаграммаларын жасауына және өзінің жеке бетінде сақтауына болады.

**«Көрсеткішті іздеу»** – кілт сөз бойынша көрсеткішті жылдам іздеуді және жіктелім элементінің атауы бойынша жедел іздеуді қамтиды.

**«Талдау»** – пайдаланушыларға қажетті көрсеткіштер бойынша өз бетінше салыстырмалы талдау жасауға, сондай-ақ жүйенің өзіндегі талдау түрлерін қолдануға мүмкіндік береді.

**«Статистика бөлімдері»** – таңдалған статистика саласы туралы ақпаратты қамтиды.

**«Конструктор»** – пайдаланушыларға АТЖ-ға жүктелген статистикалық көрсеткіштер бойынша өз диаграммаларын құруға мүмкіндік береді.

**«Өңірлер»** – негізгі статистикалық көрсеткіштер бойынша ҚР 16 өңірлерінің әр қайсысы жөнінде толық статистикалық ақпаратты қамтиды.

«Талдау» АТЖ-да тұрақты негізде өзектендірілетін 3000-нан астам статистикалық көрсеткіш бар: олар 2000 жылдан бастап жылдық кезеңділікте және 2011 жылдан бастап айлық және тоқсандық кезеңділікте, бірнеше жылдар серпінінде көрсетіледі.

Сіз «Талдау» АТЖ-ның барлық статистикалық көрсеткіштерін [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) сілтемесіне өту арқылы көруіңізге болады.



Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі  
Статистика комитеті

[www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)

## е-Статистика пайдаланушыға




«е-Статистика» интеграцияланған ақпараттық жүйесі – бұл статистикалық нысандарды онлайн режимінде қабылдау, статистикалық деректерді сақтау мен өңдеу, статистикалық ақпаратты қарау және оған талдау жүргізу мүмкіндігін қамтитын статистикалық қызмет үдерістерін толық автоматтандыру.

## «е-Статистика» ИАЖ келесі ақпараттық жүйелерді қамтиды:


- Комитеттің интернет-ресурсы;
- Деректерді on-line режимінде жинау;
- Ақпараттық-талдамалық жүйе;
- Ішкі интранет-портал;
- Алғашқы статистикалық деректерді сақтау орны;
- Алғашқы статистикалық және әкімшілік ақпаратты өңдеу;
- Агрегатталған көрсеткіштердің деректер базасы;
- Жіктеуіштер және стандарттар;
- Метадеректер;
- Халықтың статистикалық тіркелімі;
- Статистикалық бизнес-тіркелім;
- Тұрғын үй қорының статистикалық тіркелімі;
- Ауыл шаруашылығының статистикалық тіркелімі;
- Әкімшілік ақпараттың деректер базасы;
- Интеграциялық компонент.

«Деректерді on-line режимінде жинау» АЖ респонденттерге жүктемені азайту мақсатында әзірленген. Респонденттер өз есептерін Комитеттің [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) интернет ресурсы немесе <https://cabinet.stat.gov.kz> арқылы Ұлттық куәландырушы орталығының электрондық цифрлық қолтаңбасын пайдалана отырып жұмыс орнынан тапсыра алады.

## cabinet.stat.gov.kz



«Респонденттің кабинеті» бұрынғы қолданыстағы «Жеке кабинеттің» қызметтерін кеңейтеді. 2017 жылғы 24 ақпаннан бастап статистикалық есептілікті электронды түрде online режимде тапсыру үшін авторизацияның жаңа тәсілі және жаңа «Респонденттің кабинеті» іске қосылды.



## «Респонденттің кабинетінің» ерекшеліктері:

- авторизацияны орындау кезінде пайдаланылатын браузерде, ЭЦҚ импорттау қажет емес;
- авторизация және есептерге қол қою e-token, kactoken, жеке куәліктегі ЭЦҚ-ның және т.б. құрылғыларды пайдалануға мүмкіндік береді;
- статистикалық нысандарды электронды түрде online режимінде тапсыру;
- статистика органдарына тапсыруға арналған статистикалық нысандар тізімін (Жүгіртпе) авторизациясыз респонденттің БСН/ЖСН енгізу мүмкіндігі арқылы қарау;
- есептілікті және растауды қарау, шығару;
- тапсырылған есептердің тарихын қарау;
- статистикалық нысандар бойынша қарыздар тізімін болған жағдайда қарау, шығару;
- байланыс ақпаратын және экономикалық қызмет түрін өзгерту.

Комитеттің [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) интернет-ресурсы – «е-Статистика» ИАЖ-дың басым компоненттерінің бірі, әрдайым өзекті де, анық статистикалық деректерді таратудың маңызды арнасы болып табылады.

## www.stat.gov.kz



Бұл қызықты – «Мен сияқты неше адам бар?», «Танымал есімдер», «Сіз білесіз бе?», «Ерлер және әйелдер. Қайсысының саңы көп?» сияқты бөлімдерді қамтиды.

**Бұл қызықты**

Танымал есімдер: Мен сияқты неше адам бар?

Сіз білесіз бе?: Ерлер және әйелдер. Қайсысының саңы көп?

**Сіз білесіз бе?**

- 2004 жылы Қазақстан Мыңжылдықтың даму мақсаттарының алғашқы үш мақсатына қол жеткізді, олар: кедейлікті жою, жалпыға бірдей бастаушы білім беруді және білім беру саласында гендерлік теңдікті қамтамасыз ету;
- Әрбір 1 000 адамға шаққандағы ең жоғарғы туу деңгейі Маңғыстау облысында - 31,25, ал ең төменгі – Солтүстік Қазақстан облысында (14,23);
- Парламенттегі әйелдердің алатын орын үлесі 2005 жылы 8,7%-дан 2015 жылы 20,4%-ға дейін көбейді;
- 2015 жылы Қазақстан Республикасында йодталған тұздың 99,8%-і Қызылорда облысында өндірілген.